


МЕБЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-август 2023 г.

51,7
МЛРД ТГ



- Мебель для сидения специальная в основном с металлическим каркасом
- Мебель офисная деревянная
- Мебель кухонная
- Мебель деревянная для спальни прочая (кроме кроватей и шкафов)
- Мебель деревянная для столовой и гостиной

128,8
% ИФО

\$8
МЛН.



ЭКСПОРТ

Импорт 67,2%
ОТП 32,8%




РЫНОК

\$188,2
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за 7 мес. 2023 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2023 жылғы қаңтар-тамыздағы жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімі өндірісінің көлемі 2023 жылғы қаңтар-тамызда 51,7 млрд теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы тиісті кезең көрсеткішінен 25,2% жоғары. Саланың ФКИ көрсеткіші қаралған кезеңде 128,8% құрады.

ФКИ өсуі негізінен металл каркасты отыруға арналған арнайы жиһаз өндірісінің 5%, ас үйге арналған жиһаз өндірісінің 32,2%, жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (керуеттер мен шкафтардан басқа) өндірісінің 16,1% ұлғаюына байланысты.

Жиһаз өнімін тұтынудың ішкі нарығы 2023 жылғы қаңтар-шілде қорытындысы бойынша 280,1 млн АҚШ долл. (126,3 млрд теңге) құрады. Отандық өндіріс үлесі 32,8% құрады.

Жиһаз өнімі экспортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-шілдеде 2022 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе 8 млн. АҚШ долл. құрап, 87,8% өсті.

2023 жылғы қаңтар-шілдеде жиһаз саласы экспортының тауар құрылымында негізгі көлемді төмендегі тауарлар құрайды: әр түрлі металл жиһаз (2 644,9 мың АҚШ долл.), отыруға арналған ағаш каркасты қапталған жиһаз (923,8 мың АҚШ долл.), әр түрлі ағаш жиһаз (689,7 мың АҚШ долл.), мекемелерде қолданылатын металл жиһаз (563,7 мың АҚШ долл.), сүректен жасалған жиһаз және оның бөлшектері (442,7 мың АҚШ долл.), отыруға арналған жиһаз (418,2 мың АҚШ долл.), пластмассадан жасалған жиһаз (409,6 мың АҚШ долл.), жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (388,3 мың АҚШ долл.), материалдардан жасалған матрац негіздері (292,6 мың АҚШ долл.), мекемелерде қолданылатын ағаш жиһаз (290,3 мың АҚШ долл.) және т.б.

Жиһаз өнімінің экспорт көлемі Ресейге (жалпы экспорт көлемінің 40,9% немесе 3,3 млн АҚШ долл.), Қырғызстанға (18% немесе 1,4 млн АҚШ долл.), Өзбекстанға (15,2% немесе 1,2 млн АҚШ долл.) жіберілді.

Жиһаз өнімінің импорт көлемі 2023 жылғы қаңтар-шілдеде ақшалы көріністе 2022 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 188,2 млн АҚШ долл. құрап, 12,4% төмендеуді көрсетті.

Тауар құрылымында импортталатын өнімнің ең жоғары көлемін ағаштан жасалған әр түрлі жиһаз (35,9 млн АҚШ долл.), түрлі металл жиһаз (20,9 млн АҚШ долл.), ағаш каркасты отыруға арналған қапталған жиһаз (18,9 млн АҚШ долл.), жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (18,3 млн АҚШ долл.), керуетке ауысатын немесе ауыспайтын отыруға арналған металл жиһаз және оның бөлшектері және оның бөлшектері (11 млн АҚШ долл.), керуетке ауысатын немесе ауыспайтын отыруға арналған жиһаз және оның бөлшектері (9,4 млн АҚШ долл.), металл каркасты отыруға арналған қапталған жиһаз (8,5 млн АҚШ долл.), мекемелерде пайдаланылатын ағаштан жасалған жиһаз (8,2 млн АҚШ долл.), пластмассадан жасалған жиһаз (7,6 млн АҚШ долл.), түрлі жиһаз және оның бөлшектері (7,6 млн АҚШ долл.) және т.б. құрайды.

Импортталатын жиһаз өнімінің негізгі көлемі Ресейден (65,9 млн АҚШ долл. немесе жалпы импорт көлемінің 35%), Қытайдан (40,1 млн АҚШ долл. немесе 21,3%), Түркиядан (21,1 млн АҚШ долл. немесе 11,2%), Белоруссиядан (18,9 млн АҚШ долл. немесе 10,1%), Италиядан (11,6 млн АҚШ долл. немесе 6,1%) келіп түседі.

Аумақтық кесінде жиһаз компаниялары еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан. Бірақ, еліміздің жиһаз өнімінің 27% Алматы қ. (13,7 млрд теңге) өндірілетіндігін атап өткен маңызды.